

Г.С. Ахметова

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей, Қазақстан
(E-mail: gulfur_51984@mail.ru)**Абай өңірі топонимдерінің этимологиялық ерекшеліктері**

Аңдатпа. Қазіргі таңда топонимика саласы географиялық атауларды этимология, лингвистика, тарих және география тұрғысынан зерттеп, белгілі бір халықтың өткен тарихынан мол ақпарат беретін интегралды ғылымға айналып отыр. Яғни, топонимикалық бірлікті талдау кезінде географиялық атаудың шығу тегіне, жасына, тарихына және грамматикалық құрылымына назар аударылады. Топонимдердің грамматикалық құрылымына сәйкес, басқа тілдік бірліктер сияқты, қалыптасу процесінде тілдің фонетикалық, морфологиялық және сөзжасамдық ережелерін ұстанады. Сөзжасамдық құрылым тұрғысынан оларды «қарапайым», «туынды» және «күрделі» деп үш түрлі құрылымдарға бөлуге болады. Топонимдік атаулар қарапайым халықтың күнделікті тұрмысының, тарихи әлеуметтік, лингво-мәдени аспектілерінің бейнесі ретінде қарастырылатындықтан, халықтың күнделікті өмірімен астасып жақтан өңірдегі тарихи оқиғалар, тарихта орын алған тұлғалар, өңірдің географиялық ерекшелігі топоним жасаушы негізгі белгілер ретінде танылады. Мақалада Абай өңірі топонимдерінің шығу тарихы этимологиялық аспектіде қарастырылып, сөзжасамдық, типологиялық құрылымдары, лексика-семантикалық ерекшеліктері, даму динамикасы, ұқсастықтары салыстырылады. Абай өңірі топонимикалық жүйесінде этнонимдердің, ру-тайпа атауларының, тарихи тұлға аттарының, аңыздық кейіпкерлер есімдерінің көптеп кездесуі назарымызды аударып, өңір топонимикасын тарихи аспектіде зерделеуге түркі болды. Мақаланы зерттеудегі басты мақсат Абай өңірі топонимдерін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеп, олардың шығу тарихын жүйелеу.

Кілт сөздер: ономастика, топонимика, этноним, этноним, этнонимдроним, этноним, антропоним, макроэтноним.

DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-71-78

Кіріспе

Қазақ ономастикасының маңызды бөлшегі топонимдер де қазақ халқының ғасырлар бойы жүріп өткен жолының небір құндылықтарын бойына сіңірген тілдік жәдігері. Себебі күнделікті өмірде мыңдаған топонимдер тілдік қолданым барысында қарым-қатынасқа түсіп, әрбір адамның өмірінде белгілі дәрежеде қызмет атқарады.

Қазақ халқы ежелден көшпелі мал шаруашылығына бейімделіп, мал тұяғына ере отырып, жер жағдайын мал ыңғайына қарай таңдай отырып, сол жердің ерекшелігін баса көрсететін ат қоюы, жер-су атауларының ерекше маңызды факторға айналғанының көрінісі. Әр атауда ұлттық болмыс, дүниетаным, салт дәстүрдің кумулятивті жинақталуы нәтижесінде қонысты, жұртты, жайлау, күзеу, қыстау ерекшелігін дәлдікпен бере алғандықтан да тарихи атаулар ұлттық бірегейлестіру ретінде құнды.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің

халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Қазақ тілінің топонимика саласы жекелеген аймақтардың жер-су аттарын зерттеу кезеңін аяқтап, терең теориялық немесе жалпықазақстандық ауқымды мәселелерді қарастыруды қолға алды. Қазіргі кездегі кешенді зерттеу жұмыстарына топонимикалық атлас жасау, жер-су аттарының этимологиялық сөздігін құрастыру, қазақ топонимдерінің типтік ерекшеліктерін анықтау тәрізді көлемді істер жатады. Солардың бірі Абай өңірі топожүйесін қарастыру болып табылады. Қай кезде, қай қоғамда болмасын адам баласы дүниеге келгеннен кейін оның шыққан тегі, генеалогиясы, туған жері, Отаны болады. Дегенмен, өлке топонимдері халықтың тарихи ескерткіштерінің көзі болғандықтан, Шығыс Қазақстан аймағының топонимикалық атауларын зерттеу, пайда болу тарихы, жазбалар мен карта беттеріне түсірілуі, номинативтік үлгідегі топонимдердің ерекшеліктерін анықтау, топонимдер жүйесін тарихи-этимологиялық талдау жасау өзекті, ал оларды жан-жақты зерттеп-тану тарих пен халық тұрмысын жаңаша ұғынуға септігін тигізеді. Топонимдер алғашқы дереккөздердің пайда болу ақпараттарын сақтап және халықтың рухани құндылықтары жайлы танымдарымызды айтарлықтай кеңейтеді.

Ономастикалық зерттеу аудан тарихы мен мәдениетінің рухани қалыптасуын, патриоттық құндылықтар рөлін жаңаша ұғынуға мүмкіндік береді. Топонимиканы зерттеу кіші Отанымыздың жеке имиджін нығайтуға, туған өлкеге деген махабатты насихаттауға ықпал етері сөзсіз. Топожүйенің ономастикалық базасында қазақ этносына қатысты өте бай ғылыми ақпарат жинақталған. Топонимдік атаулар қарапайым халықтың күнделікті тұрмысының, тарихи әлеуметтік, лингво - мәдени аспектілерінің бейнесі.

Абайдың туып өскен өлкесінің мәдени және тарихи тұрмысын бейнелейтін топонимдер зерттеушілердің үлкен қызығушылығын тудыруы мүмкін. Тарихи жағдайлар, бір кездерде осы жерлерде болған оқиғалар, олармен байланысты куәгерлердің әңгімелері, елді мекендердегі белгілер т.т. өңірдің қайталанбас келбеті мен ұлттық ерекшелігін құрайды. Абай жерінің топожүйесін зерттеу қазақ халқының қалыптасқан этно-территориялық санасын терең ұғынуға, ұлттық негіз ерекшеліктерін, рухани бастауларды түсінуге әсер етеді.

Солардың бірі, ру шежірелеріндегі айтулы оқиғаларға қатысты шежіре-кітаптардан және басқа да дереккөздерден бізге жеткен аңыз-әпсаналардағы топонимдік атаулардың қолданылуындағы негіз – шежірелік аңызнама және әр атаудың өзіне ғана тән шығу төркінінің халықтық бағамдалуы. Ру атауларына қатысты этнотопоним, этногидроним, этнооронимдерді тарихи-мәдени және этнографиялық аспектіде тіл білімімен бірлікте алғанда ғана мәнді тұжырым болары сөзсіз.

Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында этнолингвистикалық, синхрониялық, диахрониялық және концептілік талдау әдістері басшылыққа алынды.

Талқылау

Абай өңірі топонимикасының этимологиясы мен семантикасы әр алуан. Көптеген атаулар сол жерлердің географиялық ерекшеліктеріне, жер бедеріне, өзіндік қасиеттеріне байланысты аталған. Сондай-ақ, кісі атына байланысты, соның ішінде Абай заманында және одан бұрынғы ру-тайпа атаулары берілген атаулар да көптеп кездеседі.

Қазақ тарихында жер-суға кісі атын қою тегін құбылыс емес, ол көбінесе қонысты қай атаның кімі жайлап отырғандығын білдіретін этникалық көрсеткіш. Бұл мәселенің бір жағы

болса, екінші қыры ру тарихындағы ерекше оқиғаларды, оған қатысушыларды өскелең ұрпақ жадында қалдыру үшін де өзен-көлдер, жер бедерлерін кісі есімінен атау дәстүрі қазақтың барлық ру-тайпалары арасында кең тараған үрдіс. Атап айтсақ, тобықты руындағы тек бұлақ атауларына ғана қатысты 58 аталым болса, соның 30-ы руға, сол рудың танымал адамдарына қатысты атаулар. Оларды: а) жалаң сөздерден жасалған бұлақ атаулары: *Құнанбай құдығы, Абай бұлағы, Әйгерім бұлағы, Ербол құдығы, Шолпан бұлағы, Тәкежан бұлағы, Баршынның қарасуы, Қақабай аққұдығы, Жөкең құдығы, Көшек бұлағы, Жүніс бұлағы, Байсал бұлағы, Бөжей бұлағы, Оразғалидың сарыбұлағы, Дүйсембай бұлағы, Әлібек бұлағы, Бақай бұлағы, Байсал бұлағы*, т. б. ә) күрделі сөздерден, яғни біріккен сөздерден жасалған бұлақ атаулары: *Таймақкөл, Иірсай көлі, Көлденеңсу, Қарасу, Қарауыл, Қарлыбұлақ өзені, Мұздыбай бұлағы, Өтепбайдың Көкқұдығы, Кәрішал бұлағы, Көкбай бұлағы, Шаянбай бұлағы, Пұшарбай бұлағы, Тайлақбай құдығы*, т.б. деп бөліп қарастыруға болады. Біраз топонимдер ерен еңбегімен немесе бойындағы ерекше қасиетінің ел арасына таралуына қатысты халықтың жадына сіңісті болғандықтан тарихта қалған атаулар болып табылады. Мысалы: *Оспанкөл, Ералы жазығы, Еңлік-Кебек төбесі, Құнанбай құдығы, Би Ата, Кеңгірбай Би мазары, Тоқтамыс*, т.б. атаулар өсі өңірде өмір сүрген, елдің қоғамдық өміріне белсене араласқан, халық жадында сақталған атақты батырлар мен билердің аты қойылған жер - су атаулары.

Өзен атауларына байланысты теріп алынған топонимдік атаудың басым бөлігі антропотопонимдік, этнонимдік атаулар: *Жәнібек өзені, Төлен өзені, Шеттембай өзені, Қарағанайрық өзені, Қарашоқы өзені, Тақыр өзені*, т.б. «Топонимикалық атаулар өзінің семантикалық мәнін белгілі бір жүйеде ғана айшықтай алады. Ә. Абдрахманов, В.Семенов-Тяньшанскийдің Еуропаның солтүстік аудандарында мұз дәуірі кезіне, ал оңтүстік аудандарында су шайып кету кезеңіне байланысты топонимдердің сақталғанын тілге тиек етеді. Осыған орай: «Лингвистический анализ одинокого топонима, вызванного из всей совокупности географических названий того или иного района, без привлечения сравнительного материала из топонимики других районов – не надежный метод...» – деп көрсетеді [1, 23 с.].

Сондықтан географиялық атауларды, оның ішінде этнотопонимдерді ортақ белгілеріне қарай шартты түрде топтастырып, жүйелеуге болады. Топонимдерді семантикалық тұрғыдан қарастырғандар топтастыру барысындағы ол тілдің лексикалық ұқсастықтарына, әр аймақтағы географиялық объектілердің аталу принциптерінің ұқсастықтарына назар аударып, тілдің заңдылығына сүйенудің қажеттігін меңзейді.

Қазақ халқының жеке ұлт ретінде қалыптасу кезеңі әріге, түркі заманына, алтай дәуіріне кетеді. Расымен де, Елбасы айтқандай «Еуразияның жүрегінде, өркениеттер тоғысында талай халықтарды тал бесігінде тербеткен ұлы даланың төсінде дүниеге келген біздің халқымыздың барша тарихы – ұлт пен ұлыс ретінде сақталып қалу жолындағы толассыз күрестерге толы тарих» [2]. Бұл ретте тарихымыздың тереңге кеткен көрінісін ұлттық ономастикамыздан көре аламыз.

Абай өңіріндегі топонимдердің түпкі тарихы тілдің шығу, пайда болу дәуірінен бастау алады. Оның негізгі белгілері: 1) түбірлердің бір буынды болуы; 2) дыбыстық өзгерістердің болуы; 3) көптеген түркі тілдерінің сөздік қорында ұқсастықтардың болуы. Осы белгілері негізінде өңірдің жер-су атауларында орын алатын ортақ түбірлерге талдау жасауға болады. Мәселен, сондай түбірлердің бірі – «шоқы» географиялық термині. Абай жерінде *Ақшоқы, Қарашоқы, Қызылшоқы* атты жер, тау атаулары кездеседі. Олардың құрамындағы «шоқы» сөзі әуел баста бір таудың, төбенің ең үстіңгі бөлігі мағынасын бергенімен, уақыт өте келе жалқы есімге трансформациялану процесінен өткен. Яғни әр жерде кездесетін шоқылар, түріне, түсіне, санына, көлеміне мөлшеріне қарай әртүрлі болады. Осы белгілеріне орай халық оларға әртүрлі атаулар берген. Бұл атаулар уақыт өте келе сол таудың, не төбенің атауына,

не болмаса елді мекен атауына айналып отырған. Алайда кез келген топонимнің пайда болу, қалыптасу кезеңін дәл басып айту қиын. Тек қана оның құрамындағы сөздердің этимологиясын анықтау арқылы ғана ол сөздердің қолдану дәуірін анықтау мүмкіндігіміз бар. «Шоқы» сөзінің жалпы мағыналарына тоқталатын болсақ: «шоқы» - биік жота, төбе; «шоқат» - төбешік; қырат, қырқалар; «шоқылы» - шоқысы бар, шоқысы көп – орографиялық ландшафттың бір түрі (мелкосочник); «шоқалақ» - кедір – бұдыр, ойлы – қырлы жер; «шоңғал» - тіңкіген үлкен тас» [3, 735-737бб.]. Бұл сөздердің басын біріктіретін негізгі ұғым – «шоқы» немесе «төбе». Кейбір түркітанушы ғалымдардың тұжырымдары бойынша «шоқы» мен «төбе» сөздері фоносемантикалық варианттар. Ғалым А.Б.Мақұлбек түркі тілдеріндегі ш - т -, с -, ц- дыбыстық өзгерістердің бола алатындығын ескере отырып, аталмыш пікірді ұсынады [4].

«Шоқы» сөзі О.Т.Молчанованың сөздігінде: «кирг чоку – 1) теменная кость; 2) голова (человека), макушка; 3) шихан, мар. (горный рельеф), вершина, макушка, тоонун, чокусу – вершина горы; казах. шокъы – «одинокая коническая возвышенность; острый холм, бутор, сопка, пик; остроконечная вершина горы»; узб. чукъкъи – «вершина горы, горный пик»; монг. цохио – «утёс; калм». цох – 1) «висок; ступа». Чоку как составная часть входит в ряд географических наименований, например, р., кл., ур. Бараон – Чоку, г. Бес – Чоку и др.» болып сипатталады [5, 105б.].

Ал А.М.Малолетко «чоку» сөзінің дыбыстық өзгерістерін көптеген түркі, моңғол, тұңғыс-манжур тілдерінде ш - т -, с - ц-дан басталатын нұсқаларын келтіре отырып, «Чоку» тау ең үстіңгі бөлігі, таудың басы мағынасында келетін нағыз алтайлық сөз екенін атап өтеді. Ғалым «шоқы» сөзінің түркі тілдерінде «Узб. чуккы «пик, вершина», Каз. шоқы «одинокая коническая возвышенность», Караим. чигив «холм, возвышенность», Уйг. чока, чокка «вершина», «макушка», Кирг. чоклол «вершина горы, холма»; монғол тілдерінде «Монг. сохо, цохё «вершина», возвышенность с камнями (из. тунг. или наоборот)»; тұңғыс-манжур тілдерінде «Эвен. човко, чуку, сохо, цоко, «вершина горы», «пик (горы)», тунг.-маньчжур. чокондо, сохондо «исполинская вершина» тәрізді дыбысталып, мағынасы жағынан біртектес немесе жақын болып келуін баса көрсетеді [6,166б.]. Бұл тұжырымдар «шоқы» сөзінің этимологиясын сонау көне түркі, алтай кезеңіне көтереді.

Абай өңірі аймағындағы кейбір топонимдер стратиграфиялық тұрғыдан кірме қабатқа жататындығын байқауға болады. Мысалы, *Бақанас*, *Шаган өзені*, *Мұқыр өзені*, *Даганделі өзені*, *Маян*, *Дегелең және т.б.* топонимдер моңғол тілінен енген сөздерден қалыптасқандығын көрсетеді. Атап айтқанда, *Мұқыр* – Абай ауданында Шыңғыстау жотасының солтүстік бөлігінде ағып жатқан шағын өзен болып табылады. Моңғол тілінен аударғанда «*қысқа, шолақ*» деген мағына береді. Сондай-ақ, *Шаган* – Ертіс алабында, Шығыс Қазақстан облысының батыс бөлігімен ағатын өзен. Моңғол тіліндегі цагаан – “ақ” мәніндегі сөз, ал оның қазақ тіліндегі шаңқан – “аппақ”, “ақ түс” мәніндегі кездесетіні белгілі. М.: Бізден анау Басжымба, Аяқжымбаны, Көпсақаудың Қарағанын, Шолақеспені Білдеге шейін кесіп алмақ. Содан әрі Обалы, Қоғалы, Қарақұдық, Төреқұдықтың үстін басып отырып, анау *Шаган* мен Семейтаудың жапсарына шығады [7. 200-б.].

Нәтижелер

Шығыс Қазақстан аймағындағы топонимдер құрамында осы өңірлерді ежелден мекендеп келе жатқан ру-тайпа және сол ру-тайпалардың құрамындағы белгілі адамдардың атына байланысты қойылған этнотопонимдерді кездестіретініміз сөзсіз. Бұл топтағы атаулар аталған өңірдегі жергілікті тұрғындардың өмір тіршілігінен, тарихи-әлеуметтік, тарихи-лингвистикалық тұрғыда мол деректер береді. Атап айтқанда, ру-тайпаға қатысты

географиялық атаулар белгілі бір тайпа, ру, ұлттың ежелгі қоныс мекендері, көш жолдары туралы мәлімет алудың бірден-бір дереккөзі. Сондықтан Шығыс Қазақстан аймағындағы этнотопонимдерді арнайы зерттеудің нысаны етіп алып, қарастыру өзекті болып табылады.

Қазақ халқы ежелден көшпелі мал шаруашылығына бейімделіп, мал тұяғына ере отырып, жер жағдайын мал ыңғайына қарай таңдай отырып, сол жердің ерекшелігін баса көрсететін ат қоюы, жер-су атауларының ерекше маңызды факторға айналғанының көрінісі. Әр атауда ұлттық болмыс, дүниетаным, салт дәстүрдің кумулятивті жинақталуы нәтижесінде қонысты, жұртты, жайлау, күзеу, қыстау ерекшелігін дәлдікпен бере алғандықтан да тарихи атаулар ұлттық бірегейлестіру ретінде құнды.

Ру-тайпа, оларға қарасты таптарынан шыққан атақты адамдар есімінен қалыптасқан топонимдер көрсетілгеннен көбірек болуға тиісті-ақ, бірақ әртүрлі себептермен, атап айтқанда, біріншіден, Кеңес үкіметі кезіндегі ата тектен безінген саясатқа мойынсұнған уақытта қаншама жер-су атаулары өзгертілді, қайта аталды; екіншіден, малдың ыңғайымен көшіп-қонып жүретін қазақ ауылының бүгінгі таңда шаруашылық тәсілі өзгергендіктен, қаншама жаз жайлауы, қыс қыстауы, күз күзеуінің аттары (*Балпаң, Нұрлан, Әтей, Бұланбай, Жайма, Қылышбек, Меңдеке, Мұздыбай, Көлқайнар*, т. б.) халық жадынан өшті. Ен жайлап туған жерінің төсінде еркін жүріп-тұрып, сол атамекен қонысының, төр жайлауының, кер жайлауының тұнығынан қанып су ішпеген соң, оның табиғатының өзіне ғана тән ерекшелігі, құпиясы, қасиеті көкейінде жатталып, жүрегінде ұяламаған соң, ол жердің тарихы да, жарамдылық құндылығы да, эстетикалық ләззаты да солғындап, бейтараптанады. Бұрын ру атауымен аталып келген болыстықтарды 1878 жылы жер атына ауыстыру туралы арнайы нұсқау беріледі. Бұның өзі қазақтың дәстүрлі рулық туыстығын, қарым-қатынасын бұзудың, жоюдың бір әрекеті еді (Мысалы, Қоныр Көкше тобықты болысы жер атауымен Мұқыр болысы, Күшік тобықты – Шыңғыс және Қызылмола, Мәмбетей тобықты – Шаған болысы, Жүзбенбет тобықты – Бұғылы болысы т. б.) [8, 48 б.].

Қорытынды

Қорыта келгенде, онамастикалық зерттеу аудан тарихы мен мәдениетінің рухани қалыптасуын, патриоттық құндылықтар рөлін жаңаша ұғынуға мүмкіндік береді. Қазақ топонимдерінің тілдегі байырғы көне, орта ғасыр, жаңа дәуірлердегі үлгілері тарихи және лингвистикалық тұрғыдан талданып, олардың ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиет, ұлттық тарихпен байланысын қарастыру үлкен әлеуметтік - гуманитарлық сипаттағы басты мақсат болып табылады. Топонимжасамның негізгі міндеті қазақы атауларды сақтап қалу ғана емес, ғаламдасу кезінде ұлттық бейнені танытатындай ұлттық топонимдер жасау болып табылады.

Тарихи жағдайлар, бір кездерде осы жерлерде болған оқиғалар, олармен байланысты куәгерлердің әңгімелері, елді мекендердегі белгілер өңірдің қайталанбас келбеті мен ұлттық ерекшелігін құрайды. Абай өңірінің топожүйесін зерттеу қазақ халқының қалыптасқан этно-территориялық санасын терең ұғынуға, ұлттық негіз ерекшеліктерін, рухани бастауларды түсінуге әсер етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мурзаев Э.М. Основные направления топонимистических исследований / Принципы топонимики. – Москва: Наука, 1964. – 33 с.
2. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында – Алматы: Өнер, 1996. – 270 б.
3. Қазақ тілінің сөздігі. 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркестері қамтылған /

А.Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты; Құраст.: Ә.Болғанбаев, Б.Қалиев, С.Бизақов т.б. Жалпы ред. басқарған. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк – Пресс, 1999. – 776 б.

4. Мақұлбек А.Б. Қазақ топонимдерінің фоносемантикалық сипаты. Филол.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: 2008. – 128 б.

5. Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Под ред. к.ф.н. А.Т.Тыбыковой. Горно-Алтайское отделение Алтайского книжного издательства / – Горно - Алтайск: 1979. - 337с.

6. Малолетко А.М. Палеотопонимика / Томск: Изд-во Томского университета, 1992. - 264 с.

7. Әуезов М. «Абай жолы» роман-эпопеясы. Төртінші кітап/Алматы: Жазушы, 2013.

8. Жанболатұлы М. Тобықты – Шыңғыстау шежіресі / 2004. – 1 т.- 520 б., 48 б.

9. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 256 б.

10. Шакенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар / Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 б., 13 б.

12. Исабаев Б. Ұлылар мекені / Новосибирск: 2007. - 621 б.

13. Әуезов М. «Абай жолы» роман-эпопея. Үшінші кітап/Алматы: Жазушы, 2013.

14. Абдрахманов М.А., Бонюхов А.А. Топонимические названия Шории // Языки и топонимия Сибири. I. – Томск: 1966.- С.159-169.

G.S. Akhmetova

Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan

Etymological features of toponymic names of the Abay region

Abstract. Currently, the field of toponymy is an integral science that studies geographical names from the point of view of etymology, linguistics, history and geography, providing extensive information from the past of a certain people. That is, when analyzing a toponymic unit, attention is drawn to the origin, age, history and grammatical structure of a geographical name. According to the grammatical structure of toponyms, as well as other linguistic units, in the process of formation, they adhere to the phonetic, morphological and word-formation rules of the language. From the point of view of the word-formation structure, they can be divided into "simple", "derived" and "complex" structures. Since toponymic names are considered as a reflection of the everyday life of ordinary people, historical social, linguistic and cultural aspects, the main features that create a toponym are recognized as historical events of the region that take place in history, personalities, geographical features of the region, from the side associated with the daily life of the people.

The article examines the history of the origin of toponyms of the Abay region in the etymological aspect, compares word-formation, typological structures, lexico-semantic features, dynamics of development, similarities. In the toponymic system of the Abay region, there are a large number of ethnonyms, names of clans and tribes, names of historical figures, names of legendary characters, which attracted our attention and allowed us to study the toponymy of the region in the historical aspect. The main purpose of the article is the historical and linguistic study of the toponyms of the Abay region and the systematization of their origin.

Key words: onomastics, toponymy, ethnotoponym, ethnohydronym, ethnoronymic, anthroponym, macro-ethnonym.

Г.С. Ахметова

УО «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Казахстан

Этимологические особенности топонимических наименований Абайского региона

Аннотация. В настоящее время область топонимики является интегральной наукой, изучающей географические названия с точки зрения этимологии, лингвистики, истории и географии, предоставляющей обширную информацию из прошлого определенного народа. То есть при анализе топонимической единицы обращается внимание на происхождение, возраст, историю и грамматическую структуру географического имени. По грамматическому строению топонимов, как и других языковых единиц, в процессе формирования придерживаются фонетических, морфологических и словообразовательных правил языка. С точки зрения словообразовательной структуры их можно разделить на «простые», «производные» и «сложные» структуры. Поскольку топонимические названия рассматриваются как отражение повседневного быта простого народа, исторических социальных, лингво-культурных аспектов, то основными признаками, создающими топоним, признаются исторические события региона, имеющие место в истории, личности, географические особенности региона, со стороны, связанной с повседневной жизнью народа.

В статье рассматривается история происхождения топонимов Абайского региона в этимологическом аспекте, сравниваются словообразовательные, типологические структуры, лексико-семантические особенности, динамика развития, сходства. В топонимической системе Абайского региона большое количество встречаются этнонимы, имена родов и племен, имена исторических личностей, имена легендарных персонажей, что привлекло наше внимание и позволило изучить топонимику региона в историческом аспекте. Основной целью исследования статьи является историко-лингвистическое изучение топонимов Абайского региона и систематизация их происхождения.

Ключевые слова: ономастика, топонимика, этнотопоним, этногидроним, этноороним, антропоним, макроэтноним.

References

1. Murzaev E.M. Osnovnie napravleniya toponimisticheskikh issledovaniy [The main directions of toponymic research] (Nauka, Moskva, 1964. 33 p.) [in Russian]
2. Nazarbaev N.A. Gasyrlar togysynda [At the turn of the century] (2006.) [in Kazakh]
3. Bolganbaev A., Kaliev B., Bizakov S. Kazak tilinin sozdigi. 50 mynga zhuyk soz ben soz tirkesteri kamtylgan [Dictionary of the Kazakh language. About 50 thousand words and phrases are covered] (Dajk – Press, Almaty, 1999. 776 p.) [in Kazakh]
4. Makulbek A.B. Kazak toponimderinin fonosemantikalyk sipaty: filol.g.k. gylymi darezhesin alu ushin daiyndalghan dissertasiya [The phonosemantic character of Kazakh toponyms: dissertation for the degree of candidate of Philological Sciences] Almaty, 2008. 128 p. [in Kazakh]
5. Molchanova O.T. Toponimicheski slovar Gornogo Altaya [Toponymic dictionary of the Altai Mountains] (Gorno – Altaisk, 1979. 337 p.) [in Russian]
6. Maloletko A.M. Paleotoponimika [Paleotonomics] (Izd-vo Tomskogo universiteta, Tomsk, 1992. 264 p.) [in Russian]
7. Auezov M. «Abai zholy» roman-epopeya. Tortinshi kitap [The epic novel "The Way of

Abai." The fourth book] (Zhazushy, Almaty, 2013.) [in Kazakh]

8. Zhanbolatuly M. Tobykty – Shyngystau shezhiresi [Tobykty - Chingiztau chronicle] (2004. 520 p.) [in Kazakh]

9. Koishybaev E. Kazakstannyn zher-su attary sozdigi [Dictionary of place names of Kazakhstan] (Mektep, Almaty, 1986. 256 p.) [in Kazakh]

10. Shakenov Zh. Kazak tilindegi kurdeli sozder men kurdeli tulgalar [Complex words and complex personalities in the Kazakh language] (Ana tili, Almaty, 1991. 120 p.) [in Kazakh]

11. Seitova Sh. Kazak etnonimderinin tarihi-lingvomadeni zhuiesi (Shygys Kazakstan aimagy materialdary boiynsha) [Historical and linguistic-cultural system of Kazakh ethnonyms (based on the materials of the East Kazakhstan region)], 215 p. [in Kazakh]

12. Isabaev B. Ulylar mekeni [Land of great people] (Novosibirsk, 2007. 621 p.) [in Kazakh]

13. Auezov M. «Abai zholy» roman-epopeya. Ushinshi kitap [The epic novel "The Way of Abai." The third book] (Zhazushy, Almaty, 2013.) [in Kazakh]

14. Abdrahmanov M.A., Bonyuhov A.A. Toponimicheskie nazvaniya Shorii [Toponymic names of Shoria], Yazyki i toponimiya Sibiri. I. [Languages and toponymy of Siberia. I.] Tomsk, 1966. 159-169. [in Russian]

Автор туралы мәлімет

Ахметова Гүлнур Серикбековна – PhD докторанты, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей, Қазақстан.

Akhmetova Gulnur Serikbekovna – PhD doctoral student, «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan.